

КОМПАНИЯНЫҢ АЛДЫНА ӘРБІР ЖҰМЫСШЫНЫҢ САНАСЫНА ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ӨЗ ДЕНСАУЛЫҒЫ ҮШІН ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҰҒЫМЫН ЕНГІЗУ МІНДЕТІ ҚОЙЫЛДЫ. СЕБЕБІ ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНІҢ ТАБЫСТЫ ҚЫЗМЕТІ ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАНУДЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР БОЙЫНА СІҢІРУ ҮШІН СПОРТТЫҚ ШАРАЛАРДЫ ЖИІ ӨТКІЗУ КЕРЕК.

Батыр КОТЫРЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері –
техникалық саясат департаментінің директоры


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№52 (2767)
12/07/2022




## АЛМАТЫДА ҮШІНШІ ВОКЗАЛ САЛЫНА МА?

**Алматы қаласының шеткі аймағында Алматы-3 теміржол вокзалын салу жоспарланып отыр. Бұл туралы қала әкімі Ерболат Досаев қаланы дамытудың 2025 жылға дейінгі жоспарын талқылау барысында айтты.**

**Ұлан ОРАЗ,**
Нұр-Сұлтан

«Қала мен қала маңындағы көлік байланысын жақсарту үшін біз қосымша қала маңынан қаладағы көлік хабтарына дейін 30 бағдарды, Алматы-2 станциясынан Қонаев қаласына дейін электр пойызын іске қосамыз, осылайша Алматы-3 теміржол вокзалының құрылысын бастаймыз», – деді Ерболат Досаев.

Айта кетсек, Алматыдағы екі теміржол вокзалы да ескі, сонау Түрксібпен қатар салынған Алматы-1 вокзалының орнына 1976 жылы бүгінгі вокзал салынған, оған да жарты ғасырға жуық уақыт өткен. Ал 1939 жылы пайдалануға берілген Алматы-2 вокзалы 1977 жылы қайта жаңғыртудан өткізілсе, 2012 жылы толықтай күрделі жөндеу жүргізілген. 1984 жылы бұл ғимарат қалалық депутаттар кеңесі комитетінің шешімімен сәулет және қала құрылысы ескерткіші болып танылып, содан бері ол мемлекет қамқорлығына алынды және Алматы қаласының тарихи және мәдени ескерткіштері тізіміне тіркелді.

Осыған қоса үшінші вокзал туралы ұсыныс бұрыннан айтылып келеді. Жүк және жолаушылар пойыздарының ағынын жеңілдету үшін жаңа станция керек. Мамандар Саин көшесі барып тірелетін Боралдай ауданында магистральдық жол тартуды және Алматы-3 вокзалын қаладан батыс бағытқа қарай салуды ұсынған. Ол жерден станция ашып, вокзал салынса, бүкіл батыс өңірі қамтылатын болады. Алатау және Наурызбай ауданының тұрғындары Алматы-2 вокзалына келмей-ақ қалаға кіре алады деп болжам жасалып отыр.

Алматы теміржол торабының жалпы ұзындығы – 69 шақырым. Алматы-1 мен Алматы-2 станцияларын қоса есептегенде торап құрамына 9 станция кіреді. Осыған орай қала агломерациясын дамыту бойынша бірқатар жобаларды жүзеге асыру жоспарланған. Оның ішінде Алматы-1–Алматы-2 желісінде екінші жол құрылысын, Алматы-2 станциясында қала маңындағы теміржол тасымалы үшін вокзал құрылысын, Алматы-1–Талғар бағытында жүк және жолаушылар теміржол торабының құрылысын, Алматы–Ұзынағаш трамвай желісі құрылысын салу туралы да мәселе көтеріліп жүр.

Алматы әкімдігінің жоспары бойынша Алматы-1 вокзалына метро станциясын қосып, келген-кеткен жолаушылар қалаға бірден шығатындай мүмкіндік жасауды көздейді. Бұл қаладағы көлік жүктемесін де айтарлықтай жеңілдетпек.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҚАЗІР ЕЛІМІЗДЕ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТАЛАПТАРЫНА

**136**

ВОКЗАЛ СӘЙКЕС КЕЛЕДІ

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ АҚМОЛА ӨҢІРІ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫ ТАРАПЫНАН

**68**

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯ ҰСЫНЫЛҒАН

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДА «KTZ EXPRESS» АҚ ЖАЛПЫ САЛМАҒЫ

**15 000**

ТОННАДАН АСАТЫН КАТОДТЫ МЫС ТИЕЛГЕН 640 АСТАМ КОНТЕЙНЕРДІҢ АРАЛАС ТАСЫМАЛЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ

Экология

## ҚОРШАҒАН ОРТА ТАЗАЛЫҒЫ

### немесе көміртегі бейтараптығына қол жеткізу

**Қазақстан Республикасының Президенті 2020 жылғы 12 желтоқсанда Парижде өткен «Климаттық амбициялар» саммитінде елдің күшейтілген ұлттық климаттық жоспарына байланысты Қазақстан 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге міндеттенетінін мәлімдеген болатын. Жаһандық температураның 1,5 – 2 градустан астам өсуіне жол бермеу туралы міндеттемелерін орындайтынын растай отырып жариялаған.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан

Осы мәселеге орай Ұлттық компанияда 2060 жылға дейінгі кезеңдегі «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының төмен көміртекті даму бағдарламасы қабылданған болатын. Бағдарлама бірнеше функцияларды қамтып отыр, атап айтсақ, көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу үшін технологиялық дамудың міндеттері мен бағыттарын айқындау; белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті инвестициялар мен қаржы ресурстарына қажеттілікті бағалау және төмен көміртекті даму бойынша белгіленген мақсаттарды іске асырмаған жағдайда тәуекелдер мен салдарларды ескеру.

– Биыл сәуірдің соңында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Қанат Әлмағамбетовтің жетекшілігімен Компанияның ғылыми-техникалық кеңесінің отырысы өтті. Онда аталған бағдарлама талқыланып, мақұлданды және бірқатар шешімдер қабылданды. Мәселен, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, Магистральдық желі дирекциясы филиалдарына және Жобалар қоржынын басқару департаментіне 2060 жылға дейінгі кезеңде төменкөміртекті дамыту бойынша іс-шараларды белгіленген тәртіппен іске асыруды қамтамасыз ету міндеттелді. Яғни, парниктік газдарды азайтуға негізделген қазандықтарды көгілдір отынға ауыстыру, электрлі жылытуға көшу сияқты инвестициялық жобаларды іске асыру Жобалар қоржынын басқару департаментіне тапсырылса, Магистральдық желі дирекциясы филиалдарына ауа ластығын тазарту үшін темір жол бойына екпе ағаштар отырғызу бойынша жұмысты қайта жандандыру міндеттелді,– дейді Сағат Қабиев.


(Жалғасы 2 бетте)




**Жанибек ТАЙЖАНОВ,**
председатель правления
АО «Пассажирские перевозки»:

«ЦЕЛЬ ПРОЕКТА ИНТЕРМОДАЛЬНЫХ ТРАНСПОРТНЫХ ПЕРЕВОЗОК – СОЗДАНИЕ ЕДИНОЙ ИНТЕРМОДАЛЬНОЙ ПЛАТФОРМЫ, ОБЪЕДИНЯЮЩЕЙ РАЗЛИЧНЫЕ ВИДЫ ТРАНСПОРТА В ЕДИНУЮ СИСТЕМУ, ОБЕСПЕЧИВАЯ ПАССАЖИРУ ПОЕЗДКУ «ОТ ДВЕРИ ДО ДВЕРИ». ТАКАЯ УСЛУГА ПОЗВОЛИТ ПАССАЖИРАМ ОФОРМЛЯТЬ ПРОЕЗД АВТОБУСНЫМ, АВИАЦИОННЫМ И ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ В РАМКАХ ОДНОГО МАРШРУТА И С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЕДИНОЙ МАРШРУТНОЙ КВИТАНЦИИ»

## РЕМОНТ ПО ГРАФИКУ

ПУТЕВЫЕ РАБОТЫ

**В Акмолинском регионе ведутся летние путевые работы. В их рамках запланировано отремонтировать свыше 92,6 километра пути.**

**Айлин БАУРЖАН,**
Нур-Султан

Плановые работы по ремонту железнодорожной магистрали АО «НК «ҚТЖ» проводит ежегодно. Так, в этом году акмолинские железнодорожники выполнят капитальный ремонт пути в объеме 63,4 километра, усиленный средний ремонт – 29,2, сплошную смену рельсовых опор – два километра.

Во время капитального ремонта старый путь демонтируется и укладывается новая рельсошпальная решетка. В частности, производится замена старогодних рельсов Р-65 на новые Р-65, деревянных шпал на железобетонные, а также замена скреплений и балластного слоя.

Усиленный средний ремонт выполняется на старогодних материалах с заменой загрязненного балласта на новый, с переукладкой рельсошпальной решетки, со срезкой и дозировкой балласта.

При этом железнодорожники используют специальную путевую технику. Так, для разборки и укладки рельсошпальной решетки применяются разборочный и укладочный краны УК25/9-18. Моторные платформы МПД используют для перетяжки рельсошпальных пакетов с питающего состава на укладочный кран. Также в работах участвуют выправочно-подбивочно-рихтовочные, путерихтовочные машины, платформы, оборудованные универсальным съемным оборудованием, и т. д.

– Планомерная работа по ремонту пути, проводимая по Акмолинскому региону, направлена на обеспечение безопасности железнодорожных перевозок, – отметил и. о. директора департамента пути и сооружений Дирекции магистральной сети АО «НК «ҚТЖ» Ербол Саулебеков.

К слову, работы будут проходить на участке Нур-Султан – Петропавловск, на перегонах Ельтай – Ак-Куль в объеме – 7,9 километра; Жасыл – Макинка – 8,9 километра; Кауданды – Смирново – 9,8. Также на участке Нур-Султан – Тобол, на перегонах Атбасар – Адыр в объеме 14,6, и Перекатная – ОП-86 – Атбасар в объеме 22,2 километра.

Более того, в отделении идет тщательный осмотр переездов. Все работы ведутся строго по графику, отставаний не наблюдается.

## ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ ЛОГИСТИКИ

**АО «Кедентранссервис» готово предоставить для транспортно-логистических компаний и грузоотправителей полный сервис контейнерных перевозок по всем направлениям через Иран.**




АО «Кедентранссервис» совместно с турецкой логистической компанией MFA Lojistik посредством видеоконференц-связи провели круглый стол «О развитии Южного коридора КНР/Казахстан-Туркменистан – Иран – Турция/страны ЕС» с заинтересованными транспортно-логистическими компаниями и грузоотправителями.

По словам заместителя генерального директора по продажам АО «Кедентранссервис» Куата Кубенова, компания готова предоставить полный сервис контейнерных перевозок по всем направлениям через Иран:

– Терминальная сеть АО «Кедентранссервис» является не только производственным участком, но и обеспечивает продажи всего спектра услуг компании, – подчеркнул он.

Сегодня Турция максимально заинтересована в создании благоприятных транзитных условий на маршруте Южного коридора.

– Наша компания является уполномоченным оператором Турецких железных дорог (TCDD) по перевозке грузов железнодорожным транспортом из Турции/в Турцию в восточном направлении. Поэтому мы приложим все усилия для предоставления комплексного сервиса. В 2021 году компания перевезла 550 000 тонн груза, в текущем году планируем обеспечить перевозку свыше 800 000. По железной дороге они перевозятся в контейнерах, полувагонах и крытых вагонах, – сказал генеральный директор турецкой логистической компании MFA Lojistik Эдуард Алырзаев.

По итогам заседания АО «Кедентранссервис» и MFA Lojistik выразили готовность к совместной работе по организации сервиса для клиентов.

*Руслан РАХМЕТОВ*

## ДИЗЕЛЬ ОТЫНЫ БАҚЫЛАУДА

**«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерінде отын-энергетикалық ресурстарын тұтыну көлеміне тексеріс жүргізіліп, бірқатар кемшіліктер анықталды.**

Мысалы, жүргізілген ревизия Өскемен, Семей және Аягөз локомотив пайдалану деполарының отынды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуде бірқатар бұзушылықтарға жол бергенін анықтады. Нәтижесінде 2,8 млрд теңгеден астам сомадағы отынның артық шығындалғаны белгілі болды.

Тексеру материалдары Қаржы мониторингі агенттігіне және Бас көлік прокуратурасына жіберілді.

ҚТЖ-да отын мен электр энергиясына арналған шығындарды оңтайландыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Отын шығынын бақылау және дизель отынын мақсатсыз пайдалануды болдырмау үшін өндіріске «Энергодиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесі (ЭДТ АБЖ) енгізіліп, қолданылып келеді. Және де тоқсан сайын пойыздардың тартымына отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуға талдау жасалып, белгіленген отын шығындау нормаларының орындалуына мониторинг жүргізіледі. Сонымен қатар, дизель отынын үнемдеген машинистерді сыйақыға ұсынып, көтермелеу де қалыптасқан.

*Нұрбек БЕКЕН*

## ТЕКСЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

БАҚЫЛАУ

**ҚР Индустрия және инфрақұрылым министрлігі мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ҚР ІІМ көліктегі полиция департаментімен бірлесе жолаушылар пойыздарында көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында арнайы тексеру жүргізуде.**



Қыркүйек айына дейін жалғасатын шара барысында бірқатар кемшіліктер анықталған. Әсіресе, пойыздардың техникалық жай-күйімен қатар тасымалдау кезіндегі қауіпсіздікке жіті назар аударылып отыр. Айталық, биыл өткен алғашқы бес айда темір жол саласындағы 220 кәсіпорынға тексеру жүргізілген. Соның нәтижесінде 4 091 бұзушылық анықталып, жылжымалы құрамның 47 бірлігін пайдалану тоқтатылған.

Сондай-ақ аумақтық көліктік бақылау органдары 200 жолаушылар пойызын тексеріп, жолаушыларды тасымалдау қағидаларының талаптарын бұзуға қатысты 431 кемшілік анықтаған. Билетсіз жолаушыларды тасымалдауға қатысты 33 оқиғаның жолы кесіліп, 31 млн теңге көлемінде айыппұл өндірілген. Қазіргі таңда жолаушылармен кері байланыс орнату және тасымалдау кезіндегі сапаны арттыру мақсатында Көлік комитетінің Ахуалдық орталығының базасында тәулік бойы арнайы Whatsapp нөмірі жұмыс істейді. Биылғы алты айда аталған желіге мыңнан астам өтініш пен шағым келіп түскен.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ШЕБЕРХАНА АШЫЛДЫ

Ислам ТАЛҒАТ,
Нұр-Сұлтан

СЕРВИС

**«Қамқор Менеджмент» көпсалалы холдингі тапсырмасына орай «Қамқор вагон» ЖШС-нің 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары шеңберінде Қарағанды вагон жөндеу деposы базасында вагон-дөңгелек жөндеу шеберханасы ашылды.**

«Бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін орталық өңірдегі алғашқы вагон-дөңгелек жөндеу шеберханасының қуаттылығына келсек, ол жылына 3000 дөңгелекті құрайды. Кәсіпорын мамандарының айтуынша, бұл орталық аймақтағы тапсырыс берушілердің қажеттілігін қанағаттандырып, көлік шығынын төмендете түспек. Оның үстіне, «Қарағанды вагон жөндеу депосы» филиалының қызмет номенклатурасының кеңейе түсуі қосымша жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Вагон-дөңгелек шеберханасын ұйымдастыру барысында «Үнемді өндіріс» бағдарламасына сәйкес жұмыс орнын механикаландырумен қосарлы әрекет ететін заманауи пресс жабдығы, өлшеу және бұзбай бақылау құралдары, сондай-ақ, сандық бағдарламамен басқарылатын станок жабдығы орнатылды. Сонымен қатар өндірістік персонал оқытылып, жұмыс істеуге даярланды. Ал құзыретті комиссия дөңгелек жұптарының тәжірибелік үлгілерін қабылдап алып, таңбалаудың шартты нөмірінің қолданысын кеңейтуге куәлік алды. Аталған шеберхана РУ-1Ш типті жүк вагондарының дөңгелек жұптарын жөндеумен қатар, жүк көтергіштігі жоғары РВ2Ш типті, РУ-1 және РУ-1Ш типті дөңгелек жұптарына күрделі жөндеу жүргізеді.

## КӨМІР ТАСЫМАЛЫНДА КЕДЕРГІ ЖОҚ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮК

**Семей ЖТ бөлімшесі бойынша жазғы көмір тасымалы қарқын алуда. Атқарылып жатқан кешенді шаралар бөлімше басшылығының тікелей назарында тұр.**

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Биылғы көмір тасымалы біршама күрделілік тудыруда. Себебі, ел шығысы Абай облысы болып екіге бөлінген соң қос облыстың басшылығымен бөлек жұмыс істеу қажет болып тұр. Бұл орайда семейлік теміржолшылар қысқа мерзім ішінде белгіленген жоспарлы шараларды уақытында орындауда. Атап айтсақ, қатты отынмен жылынатын семейліктер үшін 18 жылу көзі, оның ішінде 17 қазандық және «Теплокоммунэнерго» МКК ЖЭО-1 мекемесіне көмірді мерзімінде жеткізуде.

Жалпы, 2022-2023 жылдарға арналған күзгі-қысқы кезеңдегі нормативтік пайдалану қоры бүгінгі күні 28 535,82 тонна көмірмен қамтамасыз етілген. Барлық жұмыстар ағымдағы жылдың 15 тамызына дейін толық аяқталады деп күтілуде, көмір тасымалы өндіріс кестесіне сәйкес жүргізілуде.

– Бюджеттік ұйымдар мен тұрғындар үшін барлығы 273 252 тонна көмір қажет. Бүгінгі күні білім беру объектілері үшін 164,370 млн теңге сомасына 12 558 тонна көмір жеткізуге шарт жасалды. Денсаулық сақтау объектілерінің жылыту маусымына көмірдің қажеттілігі 9 864,7 мың теңге сомасына 695 тоннаны құрайды.



Ал, жеке сектордағы халыққа 65 мың тонна көмір жеткізілді, бұл жоспарланған 260 мың тоннаның 25% құрайды, – дейді бұл орайда бөлімшенің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімінің мамандары.

– Қазіргі таңда екі облыс басшылығымен қатар жұмыс жүргізіп жатырмыз. Бір мәселе айқын, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-нан басқа ешкім әлеуметтік көмірді тасымалдаумен көлемді түрде айналыспайды. Қазіргі таңдағы көмір тиеу мен жеткізу ісінде «Қазтеміртранс» компаниясы вагондарының үлесі 80 пайызды құрайды. Жалпы, бұл бағыттағы барлық жұмыстар тікелей менің қадағалауымда тұр, көмір тасымалдауда еш кешеуілдеу жоқ, – дейді бөлімше басшысы Владимир Владимирович.

Қазіргі таңда теміржолшылар жеткізген әлеуметтік көмірлер бірқатар көмір тұйықтарында, атап айтсақ, «Жігер» ЖШС, «Семей Көмір» ЖШС-де сатылып жатыр. Яғни, теміржол тұйығының басынан тиеп, үйге дейін жеткізіп беретін автокөлік қызметтерін қоса есепке алғанда көмірдің құны тоннасына 11 500 теңгені құрайды. Бұл – республика бойынша ең арзан отын.

Теміржолшылар 1 тамызға дейінгі мерзімде халықтың 70%-ын көмірмен қамтамасыз етуді межелеп отыр. Бұл дегеніміз – алдағы 20 күн ішінде 182 мың тонна көмір жеткізілуі керек деген сөз. Осы ретте жергілікті атқарушы билік өкілдері көмір жеткізу бойынша тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр. Яғни, Абай облысы мен Шығыс Қазақстан облысының халқын қара күзде орын алатын «көмір безгегіне» жол бермеу үшін көмірді алдын ала сатып алуға шақыруға ден қоюда. Насихат жұмыстары қазіргі күннің өзінде әлеуметтік желі арқылы белсенді жүргізілуде.

Қысқасы, аймақта көмір тасымалы ойдағыдай жүргізіліп жатыр. Вагон саны жеткілікті. Дегелең станциясынан тәулігіне ең кемі төрт пойыз құрастырылып, тұрақты түрде жолға шығарылады.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

Экология

## ҚОРШАҒАН ОРТА ТАЗАЛЫҒЫ

### немесе көміртегі бейтараптығына қол жеткізу

*(Соңы. Басы 1 бетте)*

Ағымдық ахуалға талдау жасаған мамандар, басқа көлік түрлерімен, сондай-ақ экономиканың басқа салаларымен, атап айтқанда, энергетика, мұнай өңдеу және металлургиямен салыстырғанда темір жол көлігі экологиялық жағынан ең қауіпсіз болып табылатынын анықтаған. Мәселен, Халықаралық теміржолдар одағының мәліметтері бойынша, АҚШ пен Еуропалық Одақ экономикаларында теміржол көлігінен парниктік шығарындылардың үлесі тиісінше 2,4% және 2,9% құрап отыр. Ал Қазақстанда темір жол көлігі шығарындыларының үлесі 0,6% құрайды. Айта кетерлігі, Компанияның көміртегі табы тікелей және жанама шығарындыларды қамтиды. Парниктік газдардың тікелей шығарындылары жылжымалы көздерді, яғни тепловоздар, дрезиналар, автомобильдер және стационарлық тұтынушыларды – қазандар, қазандықтар, пештерді пайдалану кезінде пайда болса, 2013 жылдан бері Компания сатып алған бөтен энергия көздеріндегі отынның жануынан болатын жанама шығарындылар айтарлықтай өзгере қоймаған.

2060 жылға дейінгі кезеңде «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының төмен көміртекті даму бағдарламасы шеңберінде бірқатар міндеттер алға қойылып отыр. Біріншісі, төменкөміртекті даму шараларын бекіту болса, бұдан кейін қазіргі уақытта демонстрациялық немесе тәжірибелік сатыда тұрған технологияларды болашақта қолдану. Келесі бір міндет, электр энергиясын өндіру – көміртекті бейтарап энергия ресурсын пайдалану арқылы жүзеге асырылатынын ескере отырып, темір жол желілерін электрлендіру болса, сонымен қатар жаңартылатын энергия көздерін міндетті түрде пайдалана отырып, ғимараттар мен жасанды құрылыстарға күрделі жөндеу жүргізу де маңызды міндеттің бірі болып отыр.

Осы ретте, 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына, яғни ауа ластауының алдын алу үшін пойыздарды тартудың үш сценарий бойынша жобасын жүзеге асыру жоспарланып отырғанын айтар едік. Бірінші сценарий бойынша, локомотив паркін жаңарту есебінен ғана көміртекті ($CO_2$) – 351,9 мың тоннаға дейін аз мөлшерде төмендету. Яғни, бұл ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру үшін Компанияның инвестициялық мүмкіндіктерінің шектелуімен байланысты болып отыр. Екінші немесе оптимистік сценарий, Достық-Мойынты учаскесін электрлендіру және локомотив паркін жаңартумен қатар сұйытылған газбен жүретін 77 бірлік локомотивті енгізу есебінен көміртектің төмендеуін 519 мың тоннаға дейін арттыру. Ал үшінші сценарий – терең декарбонизация. Бұл сценарий аккумуляторлық, кейіннен сутегіні белсенді пайдаланатын локомотивтерді қолданумен сипатталады. Бұл жобаларды іске асыру негізінен мемлекеттік қаржыландыру мүмкіндігімен байланысты болмақ. Ал енді тартымдық емес қажеттіліктерге қатысты 2060 жылға дейінгі декарбонизациялау жобасына келсек, бұл да үш сценарийді қамтиды. Бірінші сценарий бойынша дизельдік және көмірмен жұмыс істейтін қазандықтарды табиғи газға ауыстыру болжанса, екінші оптимистік сценарий көмірмен жұмыс істейтін қазандықтарды жаңғыртуды және СО-2 шығарындыларын 8,1 мың тоннаға дейін азайту үшін ұзақ жанатын қазандықтарды пайдалануды көздейді. Ал үшінші сценарий электр көліктерін белсенді пайдалануды, тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері үшін жаңартылатын энергия көздерін, көліктерде сутегіні пайдалануды қамтиды. Бұл сценарийдің енгізілуі әлемдегі құзыреттер мен технологиялардың жинақталуына байланысты болмақ. Сала мамандары бұл аталған жобаларды жүзеге асыру үшін шамамен 731,1-3925,2 млрд теңге мөлшерінде қаражат керек екенін болжамдап отыр. Десе де, нақты шығындар жобаларды әзірлеу кезінде анықталмақ.

> **АҚШ ПЕН ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЭКОНОМИКАЛАРЫНДА ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНЕН ПАРНИКТІК ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ ТИІСІНШЕ 2,4% ЖӘНЕ 2,9% ҚҰРАП ОТЫР. АЛ ҚАЗАҚСТАНДА ТЕМІР ЖОЛ КӨЛІГІ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ҮЛЕСІ 0,6% ҚҰРАЙДЫ.**



## ТӘУЛІКТІҢ ӘР КҮНІ ҚЫМБАТ...

ЖОЛ ЖӨНДЕУ

**Жаз маусымы – теміржол табанын сауықтырып, бабын жасайтын кез. Тәуліктің әр күнін тиімді пайдаланып жатқан қызылордалық теміржолшылар жол күтіміне ауыр жол машиналарын да жұмылдырып отыр.**

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Қырқыншы машиналандырылған жол дистанциясы (Пчм-40) 16-бекеттің оңтүстік алқымындағы 3 бағыттамалық бұрманы ауыстыру жұмысына жегілген. Телімде УТМ-2М, МКТ және СЗ-800 типті ауыр жол машиналары жұмыс істеп жатыр. Қызылорда телімінің бастығы Ербол Рүстемов жол жұмысының сапалы жүргізілуін, жаңа бұрманың технологиялық талапқа сай бабына келтірілуін қадағалап жүр. Айтуынша, қанша жылдан бері осы салаға маманданып, ауыр жол машиналарын ұршықтай үйіретін УТМ машинисі Талғат Жақыпов, МКТ машинисі Ибрагим Дулгаев, СЗ машинисі Ахметжан Жұматаев, машинист көмекшілері Төрехан Отарбаев, Болатбек Арғынбаев және Алмас Әбішевтер жұмысында кем-кетік деген болмайды. Ауыр жол машиналары кешенінің басшысы Өмірхан Бегманов та сенімді әріптестері атқарған кез келген тапсырыстың сапалы әрі уақытылы аяқталатынын білдірді.

– Біздің ауыр жол машиналар кешені Қызылорда жол дистанциясының тапсырысын орындау жұмысына қосылды. Машинистер де, көмекшілері де тәжірибелі теміржолшылар. Әр машинаның жұмысы қатаң бақылауда. Техниканың ағаттығынан кемшілік кетпес үшін әр тетіктің қызметі маңызды. Мәселен, конвейер арқылы СЗ машинасына салынатын қиыршық тастың біркелкі қалыңдықпен салынуы, лента арасында үзік болмауы маңызды. Тас бұрмаға салынған кезде де абай болып барлық назарымызды жұмысқа бөлеміз. Себебі әр вагонға бұрмаға төселетін қалыңдық көлемінде қиыршық тас салынған. Кешендегі МКТ – қазу, жинау, тазалау жұмыстарына, УТМ-2М жол машинасы – әмбебап тартым модульді кешені өздігінен жүрмейтін ауыр жол машиналарын тасымалдауға және электр қуатымен жабдықтауға, маневрлік жұмыс кезінде кешенді перегонға тасымалдау жұмыстарын атқара алады, – дейді кешен басшысы Өмірхан Бегманов.



Жалпы, жол машиналарының жұмысы машинист пен көмекшісі арқылы атқарылатындықтан бір қарағанда машиналар жұмыс жасамай тұрғандай көрінеді. Ал жақындап келсеңіз, шаңды аспанға көтеріп тас жинауда, конвейердегі тасты жолға төсегенде машинаның маңына жолай алмайсыз. Бірақ жұмысқа жегілгенде баяу жүрген адамның жылдамдығымен жұмыс жасап жатқан кешеннің жұмысы тындырымды, нақ әрі сенімді. Әне, СЗ машинасы арқылы бағыттамалық бұрмаға тас төсеу барысын машинаның екі басындағы кабинада машинист Ахметжан Жұматай мен машинист көмекшісі Болатбек Арғынбаев бақылап отырса, машинист Талғат Жақыпов пен Ибрагим Дулгаев кешеннің электр қуатымен қамтылуын қамтамасыз етіп, маневрлік жұмыстарды дер уақытында жасап келеді.

Бекеттегі ауыр жол машиналарының жұмысына, жолдың, ауыстыру жұмысының сапасына Қызылорда жол дистанциясының жолшылары бақылау жасауда.

*Суретті түсірген автор*

№52 (2767) 12/07/2022

# УДОБСТВО И КОМФОРТ

СЕРВИС

**Свыше 8,5 миллиона билетов продано за пять месяцев 2022 года на пассажирские поезда в Казахстане. Львиная доля из них – 70% – приходится на онлайн-продажи, что на 9,8% выше показателя прошлого года.**

**Любовь РОВБА,**
Нур-Султан

По итогам прошлого года продано 17 758 523 билета, из них 60,2% – в электронном формате, с января по май 2022 года – 8 543 909, при этом 5,9 миллиона (70%) оформлено «онлайн». Рост этого показателя обусловлен постоянным совершенствованием АО «Пассажирские перевозки» системы продаж электронных проездных документов.

– Организация продажи железнодорожных билетов и повышение доли онлайн-продажи является одним из направлений деятельности национального перевозчика, – отмечает и. о. заместителя генерального директора АО «Пассажирские перевозки» Ерлан Жимайлов. – Благодаря внедрению системы электронного билетирования доля онлайн-продаж выросла с 17% в 2014-2015 годах до 70% в настоящее время.

Система позволила сократить расходы АО «Пассажирские перевозки», связанные с технической поддержкой терминального оборудования билетных касс, поэтапно отойти от использования бланков строгой отчетности, а также расширить сеть каналов продаж и обеспечить прозрачность данных о наличии или отсутствии свободных мест при покупке билетов в режиме самообслуживания.

Приобрести проездные документы без комиссий можно через билетные кассы национального перевозчика, официальный портал по продаже билетов BILET.RAILWAYS.KZ и мобильное приложение «Билеты КТЖ». Кроме того, к услугам пассажиров 15 сторонних интернет-сайтов, порядка 30 тысяч автоматов самообслуживания, почтовые отделения и т. д.

– Стоит отметить, что действующая на сегодняшний день электронная система продажи билетов усовершенствована и не позволяет авторизированным пользователям производить переоформление билетов. Процесс покупки билетов прозрачен, поэтому невозможно совершать противоправные действия, связанные с перепродажей билетов, – подчеркнул Ерлан Жимайлов.

> **БЛАГОДАРЯ ВНЕДРЕНИЮ СИСТЕМЫ ЭЛЕКТРОННОГО БИЛЕТИРОВАНИЯ ДОЛЯ ОНЛАЙН-ПРОДАЖ ВЫРОСЛА С 17% В 2014-2015 ГОДАХ ДО 70% В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ.**

Он добавил, что полный переход на отечественную систему продажи билетов «Мобиус» исключил технические возможности для массовых спекуляций.

Для удобства пассажиров на базе «Мобиуса» с 2019 года предоставляется не имеющая аналогов в странах СНГ услуга «Лист ожидания»: если в продаже нет свободных мест, пассажир может встать в электронную очередь, и при их появлении система в порядке очередности предложит пассажиру выкупить место. Можно использовать фильтр по стоимости билета и номеру поезда.

В прошлом году этой услугой воспользовались 147 082 пассажира, при этом только 55 040 пассажиров выкупили забронированные Листом ожидания места. За пять месяцев этого года услугой воспользовались 96 777 пассажиров, и только 34 212 из них приобрели места.

– К настоящему моменту полный переход на электронно-цифровую форму продажи билетов, без использования традиционных бланков, среди стран СНГ произвела лишь железнодорожная администрация Казахстана, – сообщил Ерлан Жимайлов.

Активно использует АО «Пассажирские перевозки» и сервис государственных услуг EGOV MOBILE. Первый проект – Е-удостоверение, реализуется с декабря 2020 года: посадка в вагон с помощью электронного удостоверения личности.

Второй проект – онлайн-продажа билетов для лиц с ограниченными возможностями, внедрен с июля 2021 года: при подтверждении статуса инвалидности на сайте BILET.RAILWAYS.KZ можно приобрести билет со скидкой 50%.

К слову, купить билет со скидкой граждане Казахстана могут также благодаря дисконтным картам «Саяхатшы», «Жастар» и «Алтын».

Дисконтная карта «Саяхатшы» предлагает скидки от 10 до 20% на поезда «Тулпар-Тальго». Она выдается бесплатно, а размер скидки зависит от общей стоимости поездок в пассажирских поездах «Тальго» в течение последнего года. Карта «Жастар» предназначена для пассажиров в возрасте от 16 до 25 лет и позволяет покупать билеты со скидкой 25% на коммерческие поезда «Тальго» в вагоны категории «Турист» и «Сидячие». При этом стоимость самой карты – 3 000 тенге. Карта «Алтын» предполагает скидку в 25% на все поезда АО «Пассажирские перевозки» (только на территории Казахстана), приобрести ее можно в билетных кассах за 19 999 тенге.

В октябре прошлого года АО «Пассажирские перевозки» в пилотном режиме запущен еще один проект – по продаже билетов в женских вагонах. С того времени услугой воспользовалась 71 161 представительница прекрасного пола.

– Хочу подчеркнуть, что наряду с национальным перевозчиком услуги по перевозке пассажиров в Казахстане предоставляют и частные компании. Но не все пассажиры, приобретая билет, обращают на это внимание. Поэтому зачастую мы получаем жалобы на состояние вагонов и качество сервиса в поездах, к которым не имеем никакого отношения. Со своей стороны мы делаем все, чтобы путешествия на поездах формирования АО «Пассажирские перевозки» были безопасными и максимально комфортными, – сказал Ерлан Жимайлов.

# НАРАЩИВАЯ МОЩНОСТИ

ИТОГИ

**На приграничную станцию Достык возложены масштабные задачи и колоссальная нагрузка. Здесь разрабатываются и внедряются мероприятия по техническому развитию станции как одного из основных межгосударственных стыковых пунктов на маршруте Китай – Европа и осваиваются новые объемы перевозок железнодорожным транспортом.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы



Так, за первое полугодие текущего года передача экспортных грузов при плановом задании ОСЖД 89 840 вагонов выполнена на 85 767. Фактическое выполнение приема импортных грузов за шесть месяцев при плановом задании ОСЖД 61 169 вагонов составило 90 722.

По сравнению с аналогичным периодом минувшего года произошло уменьшение перевозок импортных грузов на 1 468 вагонов, или на 2%, увеличение в тоннаже – на 219 078, или 112 %.

Передано по колее 1520 мм 2 102 поезда, принято – 2 115, перегружено и передано по колее 1435 мм 33 контейнерных состава, принято – 1 980 с импортным грузом, передано 1 975 поездов.

Общий грузооборот за первое полугодие при плановом задании ОСЖД 6 938 000 тонн фактически выполнен на 6 398 458.

На сегодняшний день через таможню Достык по железной дороге проходят грузы различной категории из Западного и Центрального Китая, Юго-Восточной Азии на Запад, в Европу, Россию, Центральную Азию. Только с начала года принято 1 178 контейнерных поездов, в том числе из Европы – 655, России – 320, Беларуси – 52, Казахстана – 140 и из Узбекистана – 11. Отправлено 1 413 поездов. Проводятся работы по улучшению технологии обработки поездов, снижению времени оформления поездных перевозочных документов всеми службами, задействованными в техпроцессе станции, увеличению производственных мощностей перегрузочных терминалов.

По словам начальника станции Достык Максата Мамбеткулова, на станции идет только поступательное движение, и если специалисты приезжают в этот край, то, как правило, остаются здесь надолго.

Словом, станция Достык является отправной точкой для молодежи, качественно способствуя дальнейшему карьерному росту.

*Фото автора*

# НОВЫЕ РЕШЕНИЯ

**Руслан РАХМЕТОВ,**
Нур-Султан

СОТРУДНИЧЕСТВО

**Пилотный контейнерный поезд до порта Нава-Шева отправился со станции Чехов Московской области. Новое транспортно-логистическое решение по отправке груза из России в Индию разработано АО «KTZ Express» совместно с АО «РЖД Логистика».**



Состав, состоящий из 40 сорокафутовых контейнеров, доставит на станцию назначения строительные материалы. Протяженность железнодорожного маршрута через территории России, Казахстана, Туркменистана, Ирана и Индии составляет более 8 тысяч километров.

Напомним, первая отправка контейнерного поезда по Южному коридору в Турцию организована в июне текущего года. Запуск нового транснационального сообщения будет способствовать диверсификации альтернативных маршрутов и увеличению контейнерного грузопотока по территории Казахстана.

*Фото автора*

# ЛУЧШИЕ ПО ПРОФЕССИИ

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

КОНКУРС

**В Карагандинском эксплуатационном вагонном депо филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» состоялся традиционный конкурс «Лучший по профессии-2022» среди осмотрщиков-ремонтников вагонов, посвященный 30-летию Профсоюза.**



По словам начальника депо Айкена Сеитова, мероприятие – отличная возможность показать свои знания, неравнодушие к общему делу, а главное – популяризировать профессию железнодорожника.

– Конкурс направлен на улучшение эксплуатационной работы, заинтересованность работников в постоянном повышении уровня профессионального мастерства, умении действовать в сложных ситуациях, – подчеркнул Айкен Сеитов.

Конкурс профессионального мастерства состоялся на станции Караганда-Сортировочная и на базе ОПТО и ПТП станции Кызылжар, куда съехались железнодорожники с узлов Косколь, Жанаарка, Жезказган, Шубарколь, Теректы и т. д. На южной ветке он проходил под руководством заместителя начальника депо Еркебулана Назирбекова.

В заключительной части мероприятия Айкен Сеитов поблагодарил за отличную подготовку этого значимого мероприятия своих заместителей: мастера по обучению Назарбека Налыбекова, инструктора Сексена Кадирсизова и председателя цехового профсоюзного комитета Сымбат Медеуову.

По результатам конкурса первое место заняли Даулет Баекеев (ПТО станции Косколь) и Жандаулет Марбек (ПТО станции Жарык); второе место – Сагыныш Уакпаев (ОПТО и ПТП станции Кызылжар) и Виктор Лукьянов (ОПТО «Юг»); третье место – Куандык Абдикеев (ПТО и ПТП станции Жанаарка) и Алдияр Сагындыков (ПТО и ПТП станции Шубаркуль), Вячеслав Солуянов (ПТО и ПТП станции Жанааул), Нурлан Жаркимбаев (ПТО и ПТП станции Карабас).

Все конкурсанты отмечены грамотами и призами от профсоюза предприятия.

*Фото автора*

# ОТ ИНИЦИАТИВ – К ДЕЛУ

ПРОФСОЮЗ

**Как эффективнее защищать права работников, конструктивно выстраивать диалог с работодателем и каких изменений ожидать в трудовом законодательстве? Эти вопросы обсудили на онлайн-встрече «Как живешь, первичка?» лидеры первичек Защитинского узла, ОО «Казпрофтранс», Федерации профсоюзов РК и его территориального объединения (ТОП) по ВКО.**



**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

Мероприятие посвящалось ознакомлению с работой первички Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24).

Исполняющий обязанности начальника ВЧД-24 Марат Кадырханов рассказал о работе предприятия, созданного в ноябре 2011 года на базе Защитинского эксплуатационного участка Семейского вагонного эксплуатационного депо. Общая длина участка обслуживания – свыше 2 тысяч километров, а штат работников – 210 человек. По словам Марата Кадырханова, на предприятии постоянно повышают качество ремонта вагонов, текущего отцепочного ремонта, уровень знаний работников, обеспечивая безопасность движения поездов.

Участникам встречи показали видеоролик о буднях депо. Председатель профкома предприятий узла станции Оскемен-1 Берикхан Тлеужанов доложил о работе профсоюзов, цеховых и согласительных комиссий, оказанной работникам помощи. Представитель Центрального совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева отметила, что профсоюз по Защитинскому узлу включает в себя 7 первичных профсоюзных организаций, общая численность членов профсоюза – 2 204 человека.

– Планируем решить вопрос о предоставлении дополнительного экологического отпуска. В апреле прошлого года вступило в силу областное соглашение между акиматом ВКО, объединениями профсоюзов и работодателей, – рассказала Айгуль Жайлаубаева.

Сегодня работникам, не имеющим удостоверения пострадавшего, уже делают ежемесячную доплату за проживание в экологически неблагополучной зоне. Но дополнительный экологический отпуск пока не предоставляется. Этот вопрос передан в рабочую комиссию АО «НК «ҚТЖ». Председатель ОО «Казпрофтранс» Оразгали Ахметбаев особое внимание уделил вопросам Коллективного договора и льготам железнодорожникам востока за СИЯП:

– Мы заключили отраслевое соглашение, в котором прописаны отсылки к закону о Семипалатинском ядерном полигоне. Отраслевое соглашение выше по статусу, чем региональное. Проблему не удается решить сразу. Кроме того, закон распространяется не только на работников из ВКО, но и Павлодарской, Карагандинской областей. А для этого нужны дополнительные средства. В стадии обсуждения, но уже на уровне Правительства РК, сейчас находится и вопрос по снижению пенсионного возраста.

В завершение встречи участники выразили мнение, что подобные мероприятия нужно проводить чаще.

*Фото автора*

# ПОМОЩЬ ПО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ

МЕДПОЕЗД

**С 11 июля врачи специализированного медицинского поезда «Саламатты Қазақстан» проводят бесплатные медицинские осмотры жителей отдаленных станций Абайской и Восточно-Казахстанской областей.**





**Айлин БАУРЖАН,**
Нур-Султан

Медицинский поезд начал свою работу со станции Жарма в Абайской области. Далее 13-14 июля начнется прием жителей на станциях Жангизтобе, Суук-Булак, Бель-Агаш, Аул. 15-16 июля поезд прибудет на станцию Предгорная Восточно-Казахстанской области. Врачи консультационно-диагностического поезда ведут прием жителей с 9 утра и до 18 вечера.

Врачи специализированного медицинского поезда «Саламатты Қазақстан» с 30 июня по 10 июля провели обследование и лечение пациентов на разъездах и малых станциях Жетысуской области. Они обследовали жителей шести станций: Айна-булак, Коксу, Егинсу, Бесколь, Жайпак и Достык.

В частности, проконсультированы 828 жителей, в том числе 149 детей. Врачебных посещений состоялось 828. Проведено 84 малые хирургические операции.

Также жителям отдаленных станций сделано 348 ЭКГ, проведено 190 процедур ФЛГ, 573 – УЗИ.

– Самые распространенные заболевания среди жителей отдаленных сел Жетысуской области: близорукость, катаракта и пресбиопия. Врачи медпоезда тщательно обследуют каждого пациента, консультируют и ставят диагнозы. Наибольшее количество пациентов направляются на прием к ЛОРу и офтальмологам, – отметил руководитель поезда «Саламатты Қазақстан» Аман Касенов.

Жители выражают искреннюю благодарность докторам поезда за возможность получать консультации лучших специалистов страны и желают процветания проекту и его организаторам.

– Мы рады прибытию медицинского поезда. У меня были проблемы со слухом, но после приема со вчерашнего дня я слышу лучше. Еще раз обязательно приеду на прием. Спасибо врачам. Мы очень рады, было бы здорово, если бы вы приезжали чаще, – сказал житель разъезда Жайпак Багдал Сатбаев.

Ожидается, что до конца 2022 года медицинский поезд посетит 67 отдаленных станций страны. Маршрут поезда начинается с Алматы и Жетысуской области, далее проходит через Абайскую, Восточно-Казахстанскую, Павлодарскую, Акмолинскую, Северо-Казахстанскую, Костанайскую, Карагандинскую и Улытаускую области.

*Фото автора*

## Спорт

30 жыл бірлікте

# ЗНАЙ НАШИХ!



**Команда Карагандинского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-14) является неоднократным призером районных и областных соревнований. На XVII летней спартакиаде среди железнодорожников, приуроченной к 30-летию профсоюза, на приз Карагандинского филиала «Казпрофтранс» тоже завоевала первое место.**

По словам помощника машиниста ТЧЭ-14 Александра Мантрова, игра в футбол – прекрасная возможность в любом возрасте вести здоровый образ жизни.

– Успех команды, прежде всего, заключается в том, что наш начальник депо Асан Умбетов – заядлый спортсмен. Он отлично играет в футбол и заряжает всех своей позитивной энергетикой. Глядя на него, хочется быть лучше и достигать спортивных высот. Во-вторых, для работников депо создаются прекрасные в плане тренировок условия. В любое время года на станции Караганда-Сортировочная функционирует стадион «Локомотив». Огромное поле специально построено для занятий футболом, причем как для взрослых, так и для детей, – говорит Александр Мантров.

Безусловно, весомую помощь в проведении спортивных мероприятий, приобретении единой формы для команд, призов оказывает Карагандинский филиал «Казпрофтранс» в лице председателя Яхии Альмусина. По итогам каждого спортивного мероприятия железнодорожники, показавшие отличные результаты, получают награды и денежные призы. Это хорошая мотивация для достижения высоких результатов в спорте.

*Светлана МОГАЙ, Караганда*
*Фото автора*

# ЖАРЫС БІР АЙҒА СОЗЫЛАДЫ



**«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының ұйымдастыруымен компанияның 25 жылдығы және «Қазкөлікқәсіп» ҚБ-ның 30 жылдығына орай шағын футболдан бір айлық турнир басталды. Жарыс қорытындысы тамыздың басында теміржолшылардың төл мерекесінде шығарылып, жеңімпаз командалар марапатталады.**

Бір айға созылатын ойын барысында дирекцияның Орталық аппараты, жол және құрылыс департаменті, электрлендіру және энергетика департаменті, автоматика және электромеханика, байланыс департаменті мен «Нұрлы жол» вокзал кешені қызметкерлері аяқ доптан өзара жарысқа түседі. Осы кәсіпорындар арасынан барлығы 9 команда жасақталды. Олар кестеге сәйкес бір айда оннан астам ойын ойнайды.

– Ең басты мақсатымыз – әрине компания қызметкерлерін салауатты өмір салтын сақтауға шақыру. Тамыздағы төл мерекеге дейін әр аптаның сенбісінде таңертең және кешке 3 ойыннан өткіземіз. Бірінші ойынды ҚКТЭ құрама командасы, яғни кадрлар, қауіпсіздік саласы мамандары, технарлар бастады. Олар «Нұрлы жол» вокзал кешенінің командасымен ойнады. Одан кейін жол және құрылыс департаменті вокзал командасымен кездесті. Бір күнде 4 команда ойнады. Әзірге «Нұрлы жол» вокзал командасы алда келе жатыр. Дегенмен, ойын енді басталды, бұл тек бірінші күн, – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы Адами ресурстарды басқару департаментінің бас менеджері Дархан Төкенов.

Оның айтуынша, тек футболмен шектелмей, алдағы бір айда бильярд, армрестлинг, шахмат және басқа да турнирлер ұйымдастырылады. Сонымен қатар теміржолшылардың балаларының арасында сурет салудан байқау да өткізілмек. Командалар арасында 1,2,3 орындармен қатар жекелеген ойыншылар арасында «Үздік шабуылшы», «Үздік қақпашы» деген аталымдар бойынша марапаттар ұсыну көзделіп отыр.

*Ұлан ОРАЗ*
*Суретті түсірген автор*

# ПОСЛЕ РАБОТЫ – НА ТУРНИР



**Отборочный турнир по бильярду, посвященный 30-летнему юбилею ОО «Казпрофтранс», прошел в Усть-Каменогорске на минувших выходных. Его организовали первичные профсоюзные организации предприятий железной дороги Защитинского узла и инструкторы по спорту ФСК «Локомотив».**

Кий, шары, специальный стол. Что еще нужно для полноценной игры в бильярд? Конечно, мастерство участников. В известном в городе клубе «Империя» собрались железнодорожники, чтобы в ходе честных соревнований установить того, кто владеет навыками игры в бильярд лучше всех. Среди 10 человек, кто решил 10 июля «покатать шары», первое место занял водитель автомотриссы ТОО «СпецСервисКурылыс» Ерлан Бекпаев. Второе место – электромеханик СЦБ дистанции сигнализации и связи ТОО «СпецСервисКурылыс» Серик Мусабалинов. На третьем месте – инженер-технолог Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Александр Селиверстов.

– В Нур-Султан на республиканские соревнования поедет Ерлан Бекпаев, – отметил инструктор по спорту ФСК «Локомотив» Олег Кушкунов, добавив, что все победители отборочного турнира получили дипломы и призы.

*Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск*
*Фото Берикхана ТЛЕУЖАНОВА*

# ІРІКТЕУ ТУРЫ ӨТТІ




**Қызылорда станциясында «ҚТЖ» компаниясының 25 жылдығы мен «Қазкөлікқәсіп» ҚБ-ның 30 жылдығы аясында бильярдтан іріктеу кубогы өтіп, қос жолдама сарапқа салынды.**

Турнирдің ашылу салтанатына қатысқан бөлімше басшысы Батырхан Базарбаев пен бас инженер Күлхан Белкібаев құттықтау сөз сөйлеп, іріктеу турының әділ өтіп, жолдамаға нағыз тастаяқ шеберінің ие болуына тілектестік білдірді. Турнирге қазылық жасап, төрелік айту бильярд кешенінің қожайынына тапсырылды.

Іріктеу турына қатысуға ниет білдірген 18 үміткер жеребе арқылы қарсыласын таңдап, сегіз столда бір мезгілде ойын басталып кетті. Үстел үстінде шашылып жатқан бильярд шарларын қалтаға ертерек түсіруге тырысып, бар шеберліктерін, шапшаңдық пен ептіліктерін жұмсап жатқан ойыншылар арасында тастаяққа тәп-тәуір төселгендер көп екен, түске қарай кіл шеберлер іріктеліп қалды.

Кәсіподақ ұйымының белсенділері әзірлеген түскі астан кейін ойын әрі қарай жалғасты. Бұл жолғы ойыншылар тек жеңіске үміткерлер еді. Бір-бірінен шеберлік асырып, ұзақ аңдасқан тартысты ойын мәреге де жақындады. Өрт сөндіру пойызының ойыншысы Есен Қосанов 3-орынды иемденді. Ал Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының ойыншысы Мейрамбек Шинтахов пен Қызылорда локомотив пайдалану депосының үміткері Бауыржан Бәйімбетовтің арасындағы шешуші ойын аса тартысты өтіп, машинистер ұжымының өкілі жеңімпаз атанып, жолдаманы жеңіп алды.

– Бұл іріктеу турына тек Қызылорда станциясында орналасқан салалық мекемелердің теміржолшылары қатысты. Оларға ешқандай шектеу болған жоқ. Іріктеу турнирінің жеңімпазы Нұр-Сұлтан қаласында өткізілетін ақтық сында аймақ теміржолшыларының атынан сынға түсетін болады. Турнир жеңімпаздарына қаржылай сыйлық пен диплом берілді. Мұндай спорттық шаралар алдағы күндері өзге станцияларда да өткізіледі, – деді «Қазкөлікқәсіп» Қызылорда филиалы төрағасы Бауыржан Ахметов.

*Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,*
*Қызылорда*
*Суретті түсірген автор*

# МЕЙІРБЕК – ТАҒЫ ЧЕМПИОН

**Екі дүркін Қазақстан чемпионы атанған Мейірбек Өтепов – тағдыр тауқыметімен бір аяқ, бір қолынан айрылса да өмірге деген құштарлығын жоғалтпаған ерік-жігері мықты жан.**




Әрі қарайғы өмірін спортпен байланыстырған жерлесіміз бақытсыз оқиғаға дейін Маңғыстау станциясында пойыз құрастырушы еді. Енді мүмкіндігі шектеулі жандар арасында үстел теннисінен чемпион атанып отыр. Орал қаласында тірек-қимыл аппараты зақымданған спортшылар арасында өткен ел чемпионатынан қоржыны майланып қайтқан оның дайындығы ойынның басынан-ақ білінді. Командалық есепте Ғабит Мырзабаевпен бірге тобына алтын сыйласа, жекелей сында жалғыз өзі тоғыз қарсыласынан үстем шығып, екінші рет еліміздің чемпионы болды. Төрт күнге созылған жарыс қорытындысы бойынша жалпы маңғыстаулық спортшылар жекелей сында 1 алтын, 2 күміс, командалық ойында 2 алтын, 2 қола медаль алды. Арбада отырған спортшылар арасында Мейірбек өткен жылы да өзінің мықтылығын дәлелдеп, ҚР VI спартакиадасының чемпионы атанған еді.

– Чемпионатта қарсыластарымның деңгейі өткен жылғыдан жоғары болды. Десе де, жыл бойы жаттыққан еңбегім зая кетпеді, бәсекелестерім көп болса да 3:0 есебімен жеңіс маған бұйырды. Чемпиондық атағымды қорғап шықтым. Әрі өзіме мол тәжірибе алдым. Ендігі мақсат – Азия ойындарында өнер көрсетіп, бағындыру. Одан әрі қарай 2024 жылы Францияда өтетін олимпиадалық ойындарына қатысып, ел намысын қорғауды армандаймын, – дейді Мейірбек Өтепов.

*Айсұлтан АРМАН,*
*Суретті түсірген автор*

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
**Дина Мүздубаева**
Бас редактордың орынбасары
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 20 000**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
**Кезекші редакторлар:**
**Л. Ровба, С. Бакесова**

**Меншікті тілшілер:**
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76
**Қостанай:** Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**
**Асель Распаева,**
**тел.: 8 775 198 15 61,**
**e-mail: raspayeva.assel@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.